

Дөң мектеп -гимназиясының мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалардың

отырысының Х А Т Т А М А С Ы №1

Кеңес төрағасы: А.Е.Құрманов

2022 жыл 20 қыркүйек

Қатысқандар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» бұйрықпен таныстыру/ мектеп директоры А.Е.Құрманов

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектепте көрсетілетін мемлекеттік қызмет жөнінде жауапты мамандар

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Е.Құрманов Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі №179 бұйрығы, 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сай және Хромтау ауданы бойынша білім саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша қызметтер сапасын арттыру және көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша уақытылы есеп берілуін қамтамасыз ету мақсатында «Дөң мектеп-гимназиясы» КММ бойынша мемлекеттік қызмет көрсету туралы есептің тапсырылуына жауапты төмендегі тұлғалар тағайындалсын.

1.1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалы бойынша ведомствалық байланыстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты болып гимназия іс-қағаз жүргізушісі Н.Ж.Тугелова тағайындалсын.

1.2. «Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты болып директордың оқу -ісі орынбасары Д.М.Бижанова тағайындалсын.

1.3. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бастауыш білім беру бөлімінің орынбасары Э.З.Нуржанов тағайындалсын.

1.4. «Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртында және гимназия жанындағы лагерьде демалу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты әлеуметтік педагог А.Қ.Ермеккарина тағайындалсын.

1.5 "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты әлеуметтік педагог А.Қ.Ермеккарина тағайындалсын.